

## ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

### ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІ МЕН АНТРОПОНИМДЕРІ

(өткені, бүгіні және ертені)

*В статье рассматривается об изменении казахских топонимов и антропонимов от влияния российско-советского колониализма.*

*Bu makalede Kazakça olan yer-su adları ile kişi adlarına sömürgecilik devrindeki ideolojik karalama kampanyasının tesiri ve bundan kurtulma yolları ele alınmaktadır.*

Қазақстан Республикасы картасындағы Ресей патшалығы мен Кеңестік заманда калыптасқан ірлі-ұсакты елді мекен, жер атауларына бүгіндері түбірлі өзгерістер жүріп жатыр. Біртіндеп, сыналап еніп келген отаршылдық, тоталитарлық топонимдер халықтық негіздегі топонимдермен орын алмастыруда. Бірақ бұлар өзінен өзі болып жатқан өзгерістер емес. Ол табан тірекен саяси-идеологиялық тартыстың, елін, жерін сүйген саналы зиялы қауымның күш біріктіре алысқан күресінің нәтижесінде жүзеге асуда. Бұл құбылыстың қоғамдық ой-санада елеулі түрде орын алудың басты себебі, еліміздің егемендікке қолы жетіп, халықтың тарихи жадының қайта оралуы мен ұлттық санасының біртіндеп қалыптасу процесінде жатыр. Тарихи таным анықтағандай, халықтық елді мекен, жер атаулары империялардың басқыншылық саясатынан туындаған отаршылдық, тоталитарлық топонимдер деп аталатын түрлері пайда болды. Мұны жер планетасы бетінде өзгеріске ұшыраған ономастикалық құбылыстардың барлық саласында болып еткен ірлі-ұсакты өзгерістер тарихынан қаныға түсеміз. Бұл іспеттес өзгерістерден казақ елі жайлаған ұлан-байтақ апайтөс сахарамыз да тыс қалмапты...

Тұран өлкесін, яғни түрік халықтарының бүгінгі үрпактары жайлап отырған ата мекен қоныстары басқыншы жаулар тарапынан талай рет үлеске ұшырап сапырылысқа түскен топонимдік және антропонимдік аталымдардың тарихи іздері ғасырлар қойнауында белгі беріп жатыр емес пе? Қазіргі қазақ жерінде де бұл құбылыстың жеті қабат қатпарлары сыр бүтіп мұлгуде. Олардың сырына еніп, тілін тауып, мән-мағынасын ұтына білген саналы азаматқа талай тарих бүктемелері жазылып, құпиясын ашпак. Біздің жыл санауымызға дейінгі ғасырлар қойнауындағы ата-бабалар қонысында там-тұмдаған болса да ұшырасатын қытай, грек, парсы, араб тіліндегі елді мекен, жер атауларының елес берер сағымдай бұлдыраған сілемдерінен осындағы талай қатпарлы шындықтың өзекті буынын ұстараты да ап-анық анғарылады. Ал, VI-VIII ғасыр ішіндегі араб басқыншылығы, XIX ғасыр басындағы Шыңғысхан жорықтары, XV-XVIII ғасырлардағы ұзак жылдарға созылған қалмақтардың шабуылы, акыры келіп Орталық Азиядағы түрік халықтарының жерін жаулап, бодандық қамытын мойнына ілген Ресей империясының қанды қасап жорықтары елді мекен, жер атауларында өздерінің отаршылдық қанды іздерін қалдырыды. Қазақ жеріне жан-жақтан анталај үмтүлған осы басқыншы жаулардың арасында жергілікті халықтың діні мен діліне, тілі мен ұлттық салт-санасына жауыға тиіскен, әсіреле,

арабтар мен орыстардың саяси-идеологиялық миссионерлік бағыттағы әрекеттері жергілікті халықты үлттық ділінен тайдағы маригиналдық санағаты тобырга айналдырып жібере жаздады. Ал, социалистік жүйені үстанған кеңес үкіметі тоталитарлық зорлау, кинау, жазықсыз жазалауды өмірге ендіру арқылы бір қалыпта түсірілген “үйретінді” менталитетті қалыптастырудың нәтижесінде (Т.Бұрбаев. “Үлт менталитеті.” Астана. 2001, 26-бет”) тоталитарлық топонимді жүзеге асырды. Осы арқылы халықты тарихи жадының бір саласы ретінде қалыптасан тұрақты тарихи үлттық ұғымына айналған елді мекен, жер атауларын зорлықпен өзгертіп, одан қол үzlірді. Қазіргі жас үрпак өзінің туған жерінің аталу тарихынан макрұм қалып, нигилистік танымға танылып отыр. Мысал ретінде алар болсақ, менің Тұлкібастағы туған ауым ертеде “Майтөбе” деп аталса, ол патшалық Ресей тұсында Майлышкент болысының “N5 ауылына” айналып шыға келді. Ал, кеңестік дәуірде, колхоздастыру саясаты тұсында, әуелі, “Қарасу ауыл шаруашылық артелі,” сонынан “Көктерек” колхозына айналды. Колхоздарды ірілendіру кезінде “Калинин” колхозы, Жданов колхозы, артынан “Кызыл жұлдыз” колхозы атанып, акыры “Жуалы” совхозының “Көктерек” бөлімшесіне айналды. Совхоздың орыс тұрғындары арыз жазып, ол совхозды “Мичурин” атындағы совхозға айналдырып алды. Сонымен о бастағы “Майтөбе” ауысының аты сегіз рет басқаша аталып, оның тарихи атынан казіргі “Мичурин” совхозының тұрғындары макрұм қалып, топонимикалық үлттық санасынан бір үрпак өмірі ішінде-ақ көз жазып қалып отыр. Ономастикалық ғылым салалары бізде Кеңестік кезеңде арнайы зерттеу нысанасына алғынып, КР ҰФА-да ономастикалық бөлім ашылып, онда көлемді енбектер жарық көрсе де, әсіресе, топонимдер мен антропонимдердің саяси-әлеуметтік астары ашылмай қалды. Бұкtesіні мен қатпарланған қыртысы мол бұл саланың отаршылдық саясаттан туындаған саяси-идеологиялық құпия сырлары томсарып тіл катпай жатты.

Тіпті, халықтар достығын ұрандаң отырған кеңес үкіметінің өзі 1944 жылы Кырым мен Кавказдағы мұсылман халықтарын депортациялап, зорлықпен жер аударуға үкім шыгарғандағы мақсаты - ұсақталған мұсылман түрік ұлттарынан тазартылған жердегі елді мекен, жер атауларын тез арада орыс тілді топонимдермен алмастыру туралы шешімді катар қолға алған болатын-ды. Бұл құпия саясаттың да астарын енді, яғни тәуелсіздік жылдарындаған танып біліп отырмыз.

Тұран жеріндегі топонимдік елді мекен, жер атаулары 895 жылдан бастап арабтар тараپынан карта бетіне түсіріле бастады. Ал, Ресей патшалығы 1914 жылы “Азиялық Ресей атласы” картасын жариялады. Бұтінгі тәуелсіз елге айналған Қазақстан Республикасының карталарындағы елді мекен, жер атауларының қаншалықты өзгергенін танып білем десен, осы 1914 жылы жарияланған атласпен салыстыра карасан, айырма жер мен кектей екендігіне көзің жете түседі. Мұндай өзгерістерге тұсудің түп-тамыры, саяси-әлеуметтік себебі қайда жатыр? Әрине, мұның басты себебі россияцентристік саясаттың күшпен ендірілуінде жатыр.

Кеңес үкіметі алғашкы құрылған жылдарында отаршылдық мақсатпен койылған ірі-ірі елді мекен, жер атауларын өзгертіп, оларды коммунистік рухтағы топонимдермен алмастырып жатты. Бірақ бұл бағыт үзакқа созылма-

ды. КСРО-ның барлық аймағында Ресей империясы кезіндегі отаршылдық мақсатпен қойылған елді мекен, жер атаулары сепсімей сол қалпында сакталып қалуының үстіне Кеңес үкіметі саналы түрде жүргізген тоталитарлық топонимдер қаптап кетті. Әрине, бұл өзгерістердің бәрі де көп үлтты совет халқының бұрындары қалыптасқан тарихи жадын өшіріп, бір стандартқа түсірілген “үйретінді” менталитетті орнықтыру мақсатымен бірге, ол үлттарды орыс үлтина сіндіріп жіберу, осы арқылы бірынғай совет халқын қалыптастыру саясаты көзделді.

Бұл алақол саясатың бір ғана үстем үлт мұддесі тұрғысынан жүргізілгені Азия мен Европаның шекарасындағы жер айрығы ретіндегі Орал тауы мен Орал өзенінің ар жағы мен бер жағына назар аударып көз жүргіртсөн-ақ болды, екі аймактағы елді мекен, жер атаулары арасындағы тенсіздік балырайып мен мұндалап тұрады. Оралдың ар жағы біркелкі орыс тілді елді мекен, жер атауларымен тұтасып, арасында Азиялық халықтардың бірде-бір жер атауы кездеспесе, бер жағы, яғни Азиялық тұрғындар жерінде орыс тілді елді мекен, жер атаулары қаптап тұрады. Ал Қазақстан жері де отаршылдық, тоталитарлық орыс атауларымен шүбарланып, тұтастығынан айырылғаны ешқандай дәлелді кажет етпейді. Яғни қазактың тіліне орыс тілін қосақтап сөйлейтін шала қазактардың тіліндегі алашүбарланып, дуберәленіп кеткен. Міне, осы күбылтыстардың козғаушы күшине айналған саяси-әлеуметтік себептердің тамырын іздеңде Мағжан ақын осы күбылтыстың тұп төркінін ерте сезініп, келер үрпактың есінде жүрсін дегендей:

Орал өзен - екі елдің шекарасы,  
Аржағы тұн, бер жағы күн баласы.  
Аржағы үймелеген жын ұясы,  
Бер жағы Ер Түріктің сардаласы, -

деп, тебірене отырып сыр шерткен еді. Ойшыл ақын Мағжанның бұлайша тіл катуында географиялық атаулардың мазмұны жағынан саясатпен тікелей байланыста жататын күбылыш болуы себепті де, отаршыл Ресей империясының басқыншылық саясатын, табиғи шекараны бұзыын мензеп отыр. Тіпті, осы мәселе IX ғасырда жазылған “Шаһнама” дастанында жырланып, біздің заманымызға дейінгі ҮП ғасырда өткен Иран, Тұран арасындағы мемлекеттік шекара мәселесін де еске түсіреді.

Афрасиаб Испаджаб даласынан

Обқа дейін өскерін жасақтады,-  
деуінен мемлекеттік шекараның аумағы көрініп тұр. Яғни Тұрандағы Афрасиаб мемлекетінің жер көлемі ұзындығы жағынан қазіргі Сайрамнан Объ өзеніне дейін, көлденені Румнен Қытайға дейінгі аралықты алып жатқан ұлы империяны көреміз. Ал Фаридуң патшалық еткен кезде Тұранның шекарасы Жейхун (Амудария) өзенінен басталады десе, кейіннен:

Түріктер Бұхара, Соғды, Самарханд пен Шашты

Және Испиджаф пен Піл сүйегі бар елді,

Жаулап алып, Ганг тарапына келді(225-Сияуш),-

деп, мемлекет шекарасының аумағы кени түскендігін көреміз. Осы шегаралық аралықтағы географиялық елді мекен, жер атаулары түрік тілінде

болумен бірге парсы тілді елді мекендердің де ұшырасуы Тұран жеріндегі географиялық елді мекен, жер атауларында парсы тілді топонимикалық екінші кабаттың болғанын айғақтап тұр.

Қазақстан Республикасында географиялық елді мекен, жер атауларының ұлттық негізде бастапқы халықтық атауларын қалыптастыру әрекеті қызу жүргізілуде. Әрине, бұл әрекет тәуелсіздіктің белгісі. Бірақ осы әрекетімізде біз топонимикалық сауатсыздыққа елеулі түрде жол беріп алдық. Бұл қателік түбінде бір түзетілер, бірақ ол қателіктерден оңайлықпен арыла коймаспыш. Осындағы шарасыздықтан саналы түрде тезірек арылудың жолы қоғамдық санаға қозғау салу қажеттілігі туындалап отыр. Топонимикалық сауатсыздықтағы басты қателігіміз - географиялық елді мекен, жер атаулары саласындағы ғасырлар бойы қалыптасып бекіген ұлттық сипаттағы аса берік халықтық дәстүрімізді ұмытудан немесе социалистік негіздегі қоғамның жасанды түрдегі “үйретінші” менталитетінен арыла алмаудан туындалап отырған санадағы салғырттық, немкеттілік тәрізді нигилистік қалыптан туындаитын проблемалар шенберінде жатыр. Оларды бас басына атап өтер болсақ:

1. Біздін ата-баба дәстүрі бойынша ешуакытта макротопонимдер адам атына қойылған емес, бірақ микротопонимдерге кісі аттарының қойылатыны болатын-ды. Географиялық елді мекен, жер аттарын қоюда біз осы халықтық дәстүрден қол үзіп, россияцентристік қалыпқа түсіп, тіпті, облыс, аудан аттарын да жеке кісі атына қоюға дәнігіп алдық. Мысалы, Павлодар облысы, Жамбыл облысы, Гурьев облысы, ал аудан атына келетін болсақ Абай ауданы, Байғанин ауданы, Бәйдібек ауданы, Махамбет ауданы, Исатай ауданы, Байзак ауданы, Төлеби ауданы т.б. осылайша кете береді. Немесе орысша қалыпқа түсірілген Тұрар Рысқұлов ауданы, Үбырай Алтынсарин ауданы, Қаныш Сәтбаев қаласы тәрізді көптеген атаулар да орын ала бастады.

Жоғарыда мысал ретінде келтірілген елді мекен, жер атауларындағы қазакы (жалпы түріктік) халықтық дәстүрдің табиғи қалпы бұзылып, бізді бодандыққа айналдырған жат елдін топонимикағы бөгде дәстүрінің ұstem түсіп жатуының түпкі себебі қайда жатыр? Мениңше, мұның екі түрлі себебі бар тәрізді:

а) Ресей мемлекеті Х ғасырда православия дінін Византия империясынан қабылдауы арқылы онда ұstem болған географиялық елді мекен, жер атауларын жеке кісі атына қою дәстүрін де қоса қабылдады. Қазіргі орыс жазуының түпкі нұсқасы да солар арқылы келді. Міне, осы кезден бастап бүкіл орыс жеріндегі ірілі-ұсакты географиялық елді мекен, жер атаулары тұтас жеке кісі атына қойыла бастады. Осы дәстүр ұstem болуы себепті, қазіргі Ресей федерациясының әкімшилік-территориялық картасына назар салсақ, жеке кісі аттарына қойылған ірілі-ұсакты географиялық елді мекен, жер атаулары тұнып тұр. Біздін макротопонимдерге жеке кісі аттарын қойып шатасып жүруіміздің тұп төркіні бодандық құлдық сананың дертіне ұрынып, ата-бабаларымыз қалыптастырған халықтық, ұлттық дәстүрден қол ұзуімізде жатыр екен. Осы себепті, ауыр да болса жіберген катемізді түзетудің бірден бір жолы - ата-баба дәстүріне кайта оралудан басқа жолдың жоктығын саналы түрде ұғынуымызда жатыр.

5) Кейбір макротопонимдерді кісінің аты мен тегіне, яғни фамилиясын қоса қабаттаң қою да біздің ұлттық дәстүрімізге жат құбылыс. Бұларды өзіміздің ұлттық қалымызыға, ата дәстүрімізге сай атауымыз кажет. Мысалы, Абай ауданын Абайдың фамилиясын қоспай өз атымен ғана атауымыз. Бұл – дұрыс, өрі бағыты біздің ұлттық дәстүрімізге сай келетін құбылыс. Ал, енді келіп не себепті Үбырай Алтынсарин ауданына Үбырайлың аты мен фамилиясын қоса қабаттастырып атаймыз? Мұның ешқандай құпия сырғы жок, бұл бәз баяғы шет халықтың, яғни біздің нешеме ғасыр билеп төстеп келген Ресей пашалығы мен сол дәстүрді жалғастырған кенестік идеологияның біздің ұлттық ұғымымыз бен дүнитанымызыға, санамызыға сініріп жіберген бөгде ұлттық дәстүр шенберінен шыға алмайтын құлдық психологиямында жатыр. Осыдан келіп туындастырып тағы бір проблема бар. Ол – көше аттарына, көбінесе, адам аты мен фамилиясын қоса беріп жүрміз. Неге Абай көшесі дейміз де Үбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов көшесі деп басқа қалыпта түсіп кетеміз? Мұның да түпкі сырғы жогарыда атап өткендей жат елдік дәстүрге табынудан шығып жатыр.

Енді бір осыған ұксас құбылыс - казак әдебиеті ғылыминың дамуына байланысты оның кейбір қуатты салалары өмірге еніп, жеке кайраткерлер атымен атала бастады. Мысалы, абайтану, жамбылтану т.б. Осылай дұлдурыс бастасақ та енді келіп әуезовтану, мұқановтану деген сияқты “өнер” шығарып жүрміз. Бұл өнеріміздің төркіні де орыстарға еліктеуден шығып тұр. Олар, мысалы, жеке кісінің өз атына емес, фамилиясына қатысты пушкиноведения, толстоведения деп атай береді. Олар үшін жаразтықты дәстүр. Олар қоғам алдында аткарылған қызметті жеке кісінің атымен емес, фамилиясымен байланыстырады. Ал, бізде қоғам алдында, не өнерде аткарган ерен қызметіне орай соны тудырушы жеке кісінің атымен аталады. Бұл мәселеге ол кісінің арғы ата-бабасының қатысы жок. Мұны олар аткарып отырған жок қой? Мысалы, “Абай жолы” эпопеясын Мұхтар жазды емес пе, бұған Әуездің қатысы болған жок қой? Сол себепті әуезовтану болмай, біздің халықтық қалыптасқан дәстүріміз бойынша мұхтартану болуы заңы болып шығады.

2. Макротопонимдерге ат қойғанда ойланып істейтін бір мәселе сол жердің ғасырлар бойы аталаң келе жатқан тарихи атын беруге батыл тұрде бағыт алуымыз керек сияқты. Әйткені, халықтық топоним заңы бойынша, ол атауды халық, көбінесе, сол жердің географиялық рельефін, яғни, табиги көрінісін немесе тарихта болып өткен айтулы оқиғаны негізге ала отырып кояды. Мысалы, Сарыарқа, Бетпакдала, Қаратай, Алатау, Саумалқөл, Сарыкемер, Аспара т.б. Бұл атауларда жердің географиялық рельефі негізге алынғаны талас тудырмайды. Олай болса неге біз сол өлкені ғасырлар бойы табан аудармай жайлаған халық сол жердің бар болмысын терең танып, менгеріп барып қойған тарихи атын, сол жердің тарихи тұрде берілген паспорттын өзгертеміз? Сол себепті де мұны халықтық топоним деп атаймыз. Басқыншы ел келіп ол жерді отарлағанда өздері ұстанған саясатқа сай елді мекен, жер атауларын зорлықпен өз калауына сай өзгерте бастаса, оны отаршылдық топонимдер деп атаймыз. Тәуелсіздік алған ел сөз жок отаршылдық елді мекен, жер атауларын бастапқы ғасырлар бойы аталаң келген қалына түсіруге батыл кіріседі. Мұндай жағдайда ұстанатын басты

бағыт – аты өзгерістерге түсетін географиялық елді мекен, жер атауларын сол жердің тарихи егесі болған жергілікті халықтың тарихи жадында сақталған тарихи атауларын қою алғы шарт ретінде койымақ. Өзгерістерге түскен жер атауларына өзінің бастапкы қалпындағы тарихи атын коймау - халықтық топонимнің басты принципін бұзу болып шығады.

Географиялық елді мекен, жер атауларын казакта тірі кісінің атына балырайтып қою салты болмаған. Ал, біздерде бүтін өмір сүріп отырған атақты өнер иелері мен қоғам қайраткерлеріне өздері тіршілік етіп жүргеніне қарамай баса көктеп мектеп, кейбір арнаулы орта оку орындары немесе мәдени орындар мен кітапханаларға қою әрекеті деңдеп барады. Тіпті, тіршілік етіп жүрген өнер иелері бұл әрекетке карсылық етуіне қарамай қойылып жаткан жерлер де бар. Бұл әрекет, әрине, топонимикалық сауатсыздыққа ұрындырады.

Ұлттық санамыздың көрбілте төмендігін айфактайтын құбылыстың бірі - топонимикалық атауларға ру атын қоюға үмтүлу әрекеті бұл күнде дерттеніп тұр. Өйткені, көптеген ауылдар мен мектептерге т.б. микротопонимдерге ру атын қою жилемп барады және ол барлық облыстар мен аудандарда орын алуда. Бұл іспеттес құбылыстарға ұлттық сана мұнарасынан қарап күрес жүргізбесек, ауыл-аймағында боктыққа үймелеп қарқылдайтын кара қарға тәрізді тоғышарлық, рулық сана шенберінен шыға алмаймыз.

3. Ендігі бір күрделі мәселенің бірі - қазақ есімдеріне байланысты тұған ұғым, танымдарымыздың құлдық психологияның ырқынан шыға алмауында жатыр. Бұл аса күрделі де өте нәзік антропонимдік атауларға аса сактықпен қарап, бастапкы ата салтымыз салған дәстүрлі жолға қайта түсіп, ой санамыз бен ұғым танымдағы тот басқан тұсымызды тазалау міндеті тұр. Түрік халықтарындағы антропонимдік атаулардың даму жолына назар аударар болсақ, түрік халықтарына тән антропонимдік атаулардың VШ ғасырларға дейінгі калыптасу жолында таза түріктік есімдер тұтастыры анық белгі беріп жатады. Ал, Тұран өлкесін арабтар жаулап алғып, ұstemдік еткен жылдардан бастап түрік халықтарынан антропонимдік атауларында араб антропонимдері ене бастап, тіпті, ұstemдік еткен жағдайын да байқаймыз. Бұл, әсіресе, Каражанидтер әулеті мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде үстанған тұста ұдей түсіп, басымдық етіп молыға түскенін көреміз. Бұл Ресейде православия дінінен кейін грек аттары қаптауы тәрізді құбылыс. Ал, Каражанид мемлекетін өз билігіне қаратып алған Хорезм шаһ тұсында парсы тұліндегі есімдер орныға бастады. Бұл процесс Шыңғысхан жорығынан кейін ұзак уақыт бойы саябырлағаны да шындық. Монгол шабуылынан кейін қалмактардың басқыншылығы дәуірінде аз да болса біздің антропонимдік атауларымыздың құрамында монгол, қалмак есімдері белгі бере бастаған кезең де өтті...

Еліміз бен жеріміз екі жарым ғасырдан астам Ресей империясының бодандығында болған уақыт та антропонимдік атауларға айтарлықтай өзгерістер әкелді. Мұнын үстіне Ресей арқылы өткен европалық әсердің өзі де өз дегенін істеп жатты. Кісі есімдері енді орыстық, европалық антропонимдермен атала бастады. Бұл әрекет, әсіресе, Кенес үкіметі тұсында үдемесе баяуламады. Біржакты жасанды тұрдегі халықтар достығы туралы насиҳаттың тұсында енді біздің антропонимдік атальмдарға интернациона-

листік кісі аттары шапшан түрде жайыла түсті. Тіпті, осы құбылысты іштей қабылдамаған Д.Конаев Атырауға барған сапарында шопан кісінің әйелі егіз үл тауып, Димекен “балалардың бауы берік болсын” деп сый-сияпат апарған. Сонда Димекен: “Отағасы, балалардың атын қалай койдыңыз?”, -деп сұрағанла:

— Аттарын қатырдым! Біреуінің аты — Максим, екіншісінікі — Горький, — деді. Үнсіз қалдым. Еліктеуден туған надандық. “Максим” деген ат тек “Горькийге” жарасады. Ал, оны қазақша телудің қанша қажеттігі бар. Аңғал әке ойламады-ау ертең үрпағының Горькийден тарағандар болып шығатының” - деп, қамығып өкініш білдірген екен. Бұл сияқты анғалдықпен екінген казақ әкелер әлі де баршылық. Осындай әкелер бүтін де үлдары мен қыздарының атын Мэлс, Ким, Темиряз, Лаура, Элеонора, Эльмира, Ганди, Индира деп ыскыртып келеді. Мысалы, осы жылдың (2002 ж.) маусым айының ортасында Тараз университетіне Кордай ауданынан келіп, казақ тілі мен әдебиетінен мемлекеттік емтихан тапсырған 45 білімгердің 15-інің есімі араб, парсы, грек, орыс және европалық халықтар есімімен аталатыны аныкталды. Яғни бұл білімгерлердің 33 пайызы немесе үштен бірі деген сөз. Бұл құбылыс Онтүстік аймағындағы көрініс, ал Сарыарқа мен Шығысты, Батысты жайланаған казактардың арасында басым түсіп жататын шала қазактар мен ада қазактардың, тіпті, таза қазактардың өз арасында да дендең орын алғаны өтірік емес, шындық. Бұл Димекен айтқандай “Еліктеуден туған надандық”, немесе жат жүрттарға еліктең құлдық үрған психологиялық танымның айна катесіз көрінісі емей не дерсін!

Бір жағынан қарағанда мұнда тұрған не бар дейсін дейтін қазакы салғырттықпен қарасақ та бұл мәселенің астарында терен саяси-әлеуметтік астар жататынын анғара бермейміз. Жат жүрттықтың есімі қойылған адам сол жүрттың идеологиялық белгісін өмір бойы көтеріп, соның тірідей насиhatшысына айналғанын сезбейді де. Яғни құлдық психологияның біздің ой-санамызды қаншалықты мендең алғанына айғакты дәлелдер емес деп айта алмайсын. Ал, енді бізben өмірде мидай араласқан славян халықтары өздерінің үлдары мен қыздарының бір де біреуінің атына қазақ не түрік халықтары атының қойылмау себебінің астарында не жатыр? Немесе біздің әншілер, өнер қайраткерлері, тіпті, қарапайым ауыл өнерпаздарының өзі орыс, европа халықтарының әнін шырқап, көбірек айтқанын мактан көреді. Макул-ак дейік. Ал, енді славян мен европа халықтарының әншілері не себепті не іште, не сыртта қазақ, түрік халықтарының тамаша ғажап әндерінің бір де бірін емге болса да айтпауының сыры неде? Бұл құбылыс та тоқ етерін айтқанда, біздің отаршылдықтың құлдық психологиясынан шыға алмауымызда, ал олардың әлі да болса ұлы державалық сананың тұтқындаға калуынан басқа еш нәрсе де емес.

Бұл кесепттенн шығудың бірден бір жолы - ата-баба салты мен үлттық дәстүріне қайта оралуда жатыр. Бүтінгі және ертеңгі саналы үрпак аға буын жіберген саяси-әлеуметтік, психологиялық қысымнан туындаған ағаттықты жыл өткен сайын саналы түрде тазалап, түркілік түп бастауымыздағы халықтық үлттық дәстүрге оралуда жатыр деп білеміз.

Kіңі аттарындағы осы психологиялық құлдық белгінің ресми бір көрінісі азаматтардың жеке төл құжатындағы алабажақ есім көріністері дер едік. Осы мәселе туралы 1990 жылы “Ана тілі” газетінің 22 наурыздағы тұнғыш санында жарияланған “Ов” туралы” мақаладан соң қоғамдық санадағы сілкініске байланысты төл құжаттарды ұлттық қалып түріне көшіре бастадық. Бұл жөнінде арнайы ереже түсініктер де жарияланып жатты. Бірақ осы мәселеде де бірыңғай ұлттық белгіге қолымыз жете алмады. Бұл біздің ұлттық санамыздың мүлде төмендеп, бодандықтың құлдық психологиясынан босана алмай, соның шырмауында қалуымыздың айғағына айналғандай көрінді. Өйткені әлі күнге дейін кәріміз де, жасымыз да сол отаршылдар салған құлдық таңба “ов, ова, ин, инаның” белгісінен арыла алмай келеміз. Бұл құлдарға салынған таңба тәрізді рухани таңба.

Қазақ топонимдері мен антропонимдері қазақ елінің ғасырлар койнауында қалыптасқан дүниетанымының рухани көздерін болашак ұрпактарға жеткізудің дәстүрлік жолы екенін ұмытпайық.

Корыта айтқанда, топонимдер мен антропонимдік атауларды тарихи бастапқы қалпына келтіруде көп болып ұжымдаса құрес жүргізу – бүтінгі күннің ең өзек жарды мәселесіне айналып отыр.

Осы құбылыстың бір көрінісі ұлттық белгіге көштік деген төл құжатымыз халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан “Пәленше ұлы, түгенше кызы, пәленше келіні” деген дәстүрлі түрінен тайқып, сан түрлі рулық, текстік немесе ар жағы шығыстық белгілермен шатысқан алабажақ шұбар жыланының түсіндей сұық көрінетін түрлерден арыла алмай-ақ келеміз.

Мақсат - бұл салада да халықтың дәстүрін берік ұстанып, төл құжатымызда біркелкі ұлттық белгіні ұстануда жатыр. Мысалы, грузин, армян, прибалтика халықтары сиякты біркелкі төлкүжат ұлгісін ұстансак жарагастықты көрінер еді.